

**"Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021
жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығына өзгерістер енгізу**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2024 жылғы 28 маусымдағы № 146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 28 маусымда № 34651 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің "Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы" 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22317 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінде:

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Егер сарқынды сулардың соңғы су қабылдағышы ретінде тұйық типті жинақтауыш болған жағдайда, яғни суаруға арналған ашық су алу болмағанда немесе жинақтауыш сарқындарының бір бөлігінің төгінділерін өзендерге немесе басқа табиғат объектілеріне тастау жүзеге асырылмағанда, рұқсат етілген шоғырлануының есебі мына формула бойынша жүргізіледі:

$$СЖБТ = С \text{ нақты} , (18)$$

мұнда $С_{\text{нақты}}$ - тазарту құрылғыларынан кейінгі ластаушы заттардың нақты төгіндісі, мг/л.

Жинақтауыш мұндай жағдайда сарқынды сулардың жинақтауыш-буландырғышы ретінде пайдаланылады.

Шахта және карьер суларын тұйық жинақтағыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға төгу кезінде рұқсат етілген төгінділер көлемін анықтау үшін есептеу шарттары өткен үш жылдың нақты деректерінің (карьердің және (немесе) шахта сулалырың фондық жай-күйінің ластаушы заттары бойынша) ең жоғары мәндері негізінде таңдалады, белгіленіп отырған қызметтің нәтижесінде әкелінетін қалған ластаушы заттар бойынша қолданылады."

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрінің міндетін атқарушы*

Н. Шарбиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі